

Пәні: география Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Атмосфера Күні: 15.11.2019ж Сынып: 8		Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы Мектеп «№21 орта мектеп Мұғалімнің аты-жөні: Меңдібаева Нұрсұлу Қатысқандар: Қатыспағандар:	
Сабақтың тақырыбы	Климаттық белдеулер		
Оқу мақсаты (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.3.2.3. климаттық белдеулерді талдау		
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: Жер шарының климаттық белдеулерін ажыратады. Көпшілік оқушылар: негізгі және өтпелі климаттық белдеулердің ерекшеліктерін талдайды. Кейбір оқушылар: климаттық көрсеткіштермен жұмыс жасайды.		
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> - Климаттық белдеулерді ажыратады; біледі - Негізгі және өтпелі белдеулердің ерекшеліктерін талдайды, түсінеді; - Климаттық көрсеткіштермен жұмыс жасайды; 		
Тілдік мақсат	<ul style="list-style-type: none"> - Оқушылар өз ойларын жинақы жеткізе алады; - Бейнеақпараттар негізінде сұрақтарға толық жауап бере алады; Климаттық белдеулерге қатысты терминдердің дұрыс айтылуын және жазылуын біліп, үш тілдегі аудармасымен жұмыс істей алатын болады. Климатология - climatology, экватор-equator, арктика-arctic, қоңыржай-умеренный-temperate, тропик -tropic, поляр- polar, гумид-humid, арид - arid, суб- sub, полюс-pole.		
Құндылықтарға баулу	Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы (климаттың жылынуы, парниктік эффект)		
Пәнаралық байланыс	Биология, информатика, ағылшын.		
Күтілетін нәтижелер	Климаттық белдеулерді талдап, түсінеді.		
Сабақтың барысы			
Сабақтың жоспарланған кезеңдері Сабақтың басы (4 мин)	Мұғалімнің іс-әрекеті Ұйымдастыру. Сыныпты «Мені таңда» әдісі арқылы топқа бөлу 1- топ «Арктикалық» 2- топ «Қоңыржай» 3- топ «Тропикалық» топ «Экваторлық» Жаңа сабақ. Қолданылған ресурстарды пайдалана отырып, оқушыларға сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын анықтаймын.		Ресурстар Қолшатыр, қолғап, баскиім, қалпақ, түрлі түсті жапырақтар
	<ul style="list-style-type: none"> - Қолшатырды неге қолданамыз? - Қолғап пен баскиімді қай мезгілде киеміз? - Қалпақты не үшін қолданамыз? - Неліктен ағаштардың жапырақтары түседі? Немесе жапырақтар неліктен әртүрлі түске боялған? 		

<p>Сабақтың ортасы (6 мин)</p>	<p>Жаңа сабағымыздың атауы «Климаттық белдеулер» тақырыбы. Жер шарындағы климаттың қалыптасу заңдылықтарын, климат пен оның жіктелуін және антропогендік әрекеттің климатқа әсерін зерттейтін географияның аса маңызды саласын климатология деп атайды. Климат қалыптастырушы заңдылықтарды, климаттық белдеулерге жіктеген Б.П.Алисов. (жеті негізгі, алты өтпелі). Негізгі климаттық белдеулердің шекарасы жыл бойы басым болатын ауа массаларының орнымен анықталады. Мысалы, экваторлық белдеуде жыл бойы экваторлық ауа массасы басым болады. Өтпелі климаттық белдеулер негізгі белдеулердің аралығында орналасады және мұнда ауа массалары жыл ішінде бірін-бірі алмастырады. Өрлеген ауа қозғалысының басым болуы мен пассат желдері арқылы ылғалды мұхиттық ауаның тұрақты енуі нәтижесінде жыл бойы жауын-шашын мол түседі. Мұндай климатты гумидтік климат деп атайды. Құрғақ климаттық жағдай тән аймақтар аридтік климат деп атайды.</p> <p>Терминдерді Штрих код (QR код) арқылы АКТ-ны пайдаланып, берілген тапсырмаларды орындау.</p> <p>1 – топ «Арктикалық» «Кластер» әдісі бойынша Арктикалық белдеу мен антарктикалық белдеудің ұқсастығы мен айырмашылығын жіктейді.</p> <p>2- топ «Қоңыржай» «Визитка» әдісі бойынша қоңыржай белдеудің теңіздік, шұғыл континеттік, муссондық типіне сипаттама береді.</p> <p>3-топ «Тропиктік» «ИНСЕРТ» әдісі (түртіп алу) Сахара, Арабия, Калахари, Виктория тәрізді ірі континеттік шөлдердің қалыптасу себептерін түсіндіріңдер.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Географиялық орны 2. Ауа массалары 3. Климаттық ерекшеліктері <p>4-топ «Экваторлық» «Интервью» әдісін қолдана отырып, оқушылар экваторлық және субэкваторлық белдеу бойынша интервью алады.</p> <p>Тапсырма №2 Барлық топқа LearningApps.org-ты қолданып, топтық жұмыс жасайды. Кескін картадан топтар климаттық белдеулерді табады.</p>	<p>А3 қағазы, суреттер, оқулық</p> <p>Бейнеролик оқулық, флипчарт компьютер</p>
<p>(12мин)</p>	<p>АКТ Оқулық, қосымша мәтін, А3 қағазы, фотолар, климаттық карталар</p> <p>Кескін карта</p>	

<p>Сабақтың соңы (4 мин)</p> <p>(2 мин)</p>	<p>Бекіту. «Кім жылдам?» LearningApps.org-ты қолданып, оқушыларға интерактивті тақтадан көрсетілген сұрақтарға жылдам жауап алу. Үйге тапсырма: Климаттық белдеулер §16. Тақырып соңындағы сұрақтарға жауап беру. Кескін картамен жұмыс.</p>	<p>Қима-қағаздар, оқулық, интерактивті тақта Смайликтер</p>
<p>Саралау</p>	<p>Бағалау</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтауы</p>
<p>1. «Кластер» әдісі арқылы Арктикалық белдеу мен антарктикалық белдеудің ұқсастығы мен айырмашылығын жіктейді. 2. «Визитка» әдісінің тиімділігі оқушылар қоңыржай белдеуге сипаттама береді. 3. «INSERT» әдісін пайдаланып, дүниежүзіндегі шөлдердің қалыптасу себептерін түсіндіреді. 4. «Интервью» әдісін қолдана отырып, оқушылар диалогтік әдіс арқылы экваторлық және субэкваторлық белдеудің айырмашылығын түсіндіреді. 5. LearningApps.org-ты қолданып кескін картамен жұмыс жасайды.</p>	<p>«Білемін, білдім, білгім келеді» (3 мин)</p>	<p>Партада дұрыс отыру. Интерактивті тақтаны дұрыс пайдалану</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия: Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?</p>	<p>Бұл бөлімде сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	
<p>Жалпы бағалау Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? 1. 2. Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?</p>		

1.

2.

Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктер/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?